

ГЕОСАЯСАТ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ КЛАССИКАЛЫҚ
ТЕОРИЯЛАР ХАҚЫНДА

Панияз Т.П.

Халықаралық қатынастар теорияларының дамуына белгілі бір географиялық кеңістікті бақылауға мүмкіндік беретін, мемлекеттің сыртқы саясаты тәуелді болатын факторларды айқындайтын көптеген идеяларды ұсынған авторлар елеулі үлес қосты.

Саяси ойлар тарихында географиялық ортаның қоғамға әсері туралы пікірлер Гиппократ, Аристотель, Платон еңбектерінде көрініс тапқан болатын. Француз ойшылдары Ж. Боден (XVI ғ.) және Ж. Монтескье (XVIII ғ.) т.б өз еңбектерін климаттың адамдардың саяси мінез-құлқына ықпал ету анализіне арнап зерттеу үрдісін бекіте түсті. Алайда геосаясат халықаралық қатынастар Теорияларында өзіндік бағыт болып XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында қалыптаса бастады. 1900 жылы швед ғалымы Р. Челлен (1864-1922) мемлекетті ерекше географиялық организм ретінде қарастырып, «геосаясат» терминін енгізіп, оны өзінің саяси іс-әрекетінің бағыттарының бірі деп сипаттады. [1] Дегенмен мемлекетке қатысты арнайы проблемаларды білдіретін оның бүкіл Теориясынан тек тиісті термин ғана маңызды болып, «мемлекеттің географиялық организм немесе кеңістік феномені» ретінде сипатталған бөлігін білдіретін мағынаға ие болып қалды. Тұтастай алғанда геосаясат мемлекеттердің кеңістік қатынаста өзара органикалық қатынасын және тарихи себептілік іс-әрекетін көрсететін «егемендік», «аумақ», «мемлекет қауіпсіздігі» құндылықтарына негізделген халықаралық қатынастар теориясына дендеп енді. Бұл таңсық емес еді, Рим империясы мен Алтын Орда, Британ т.б. әлемдік империялардың елеулі аумақтарды (географиялық кеңістікті) бақылап, үстемдігін басқа мемлекеттерге таңдауға мүмкіндік беретін өз ресурстарын көрсетіп, өз білгенімен құрлықтардың тұтастай келбетін өзгерткенін білеміз.

Сол уақыттан бастап халықаралық қатынастар аренасында саяси өзгерістердің себебін және әлемдік саясатқа географиялық ортаның өктемдігін түсіндіретін геосаяси құрылым арқылы ғылымға нақты «тарихи заңдылықтар», әлеуметтік-дарвинизм, органицизм және географиялық фатализм идеялары мен ұғымдары үздіксіз енді.

Осындай ұғымдардың әсерімен халықаралық саясаттың табиғаты мен даму тенденциясын теориялық тұрғыдан түсіндіретін шекараларды сақтау және кеңейту, мемлекеттің теңізге шығу жолы, үкіметтің өз аумағын бақылауы және көрші мемлекеттерге ықпалын таңу сияқты идеялар орын ала бастады.

Халықаралық қатынастарды түсіндіруде «құрлықтық үстемдік», құрлықтық және теңіз державаларының бітпес қайшылықтары категория-

лары, сыртқы саясат байланыстарында мағыналық ядросы ретінде мемлекеттердің аумақтық кеңеюі және құралдар мен әдістердің әлемдік кеңістікті бөлу және қайта бөлудегі негіздемесі ұғымдары алға шықты. [2]

Геосаяси талдауларда елеулі оқиға ағылшын ғалымы Х. Макиндердің (1869-1947) «Саяси географияның физикалық негізі» (1890) және «Тарихтың географиялық өсі» (1904) еңбектерінде геосаясаттың кейінгі барлық тарихына елеулі ықпал еткен «Хартленд» тұжырымдамасын ұсынғаны еді. Оның пікірінше Азия, Африка және Еуропа деп жасанды бөлінген құрлықтың бөлігі «нақты күштің орналасуына» айналған «әлемдік арал» болып табылады. Оның қақ ортасын «ішкі жарты ай» (Еуразияның материктік бөлігіне жатпайтын мемлекеттер) және «сыртқы жарты ай» (Аустралия, Америка т. б. мемлекеттер) елдерінен қашықтағы сол кездегі Ресей империясына кіретін Қазақстан, Өзбекстан тағы басқа елдер құрады. Бұл «жер ортасы» немесе Хартленд

(Еуразия) теңіз империяларының ықпалы жүрмейтін «әлемдік саясаттың өсі» болып табылды. Макиндер кім Хартлендке бақылау орнатса, ол «әлемдік аралға», ізінше бүкіл әлемге бақылау орнатады деді.

Мұндай идеялар әлемдік күштер арасалмағында құрлықтық державалардың теңіздік және мұхит жағалаулары мемлекеттерінен артықшылығын бекіте түсті. Алайда мұндай жағдай Хартлендке бақылау орнатқан елдердің күш-қуатының әлсіреуіне, теңізге шығуына және сол аумақта ірі мемлекеттердің (Германия және Ресей) бірігуіне кедергі болатын, олардың бөлшектенуіне алып келетін қарсы тұратын блоктар мен коалициялардың құрылуын туғызады.

Осыларман қатар Макиндер ғаламдық геосаяси құрылымға бөлу негізінде болашақта әлемде саяси күштердің орналасуына физикалық ортаны белсенді өзгертуге қабілетті технологияның дамуының әсер етуі мүмкіндігін жоққа шығармады. Сондықтан ғылыми жаңалық пен техникалық прогресті қолдайтын, сондай-ақ осыған бүкіл қоғамдық жүйені ұйымдастыруға қабілетті мемлекеттерде шешуші әлемдік ықпал сақталуы тиіс деген болатын. [3]

Неміс ғалымы Ф. Рацель (1844-1901) өзінің «Саяси география» (1897) атты еңбегінде аграрлық елден өндірістік державаға айналған Германияның экспансиялық ұмтылыстарының негізіне әкелетін бірқатар жағдайларды атап көрсетті. Мемлекетті биология заңдылықтары бойынша әрекет ететін организм ретінде қарастырып, «елдің орналасуы, кеңістік пен шекаралар» өмірлік маңызды компо-

ненттер және оның өмірлік тұрақтылығын сақтаудың шарты аумақтық экспансия мен «өмірлік кеңістікті» кеңейтетін саяси күш-қуатты арттыру болып табылады деп есептеді. Сондықтан неміс саясаткерлері елдің аса қуатты болуы үшін өзіне «отарлау өнерін» дамытуы қажет деп санады.

Тағы бір неміс ғалымы К. Хаусхофер (1868-1945) мемлекетті автаркиядан және көршілердің тәуелділігінен сақтайтын өмірлік кеңістікті кеңейту идеясын негізге ала отырып, жаңа жерлерді жаулап алу арқылы еркіндікке жету мемлекеттің ұлылығының көрсеткіші деп есептеді. Ол өз күш-қуатының аумақтық таралуын ірі мемлекеттердің ұсақ мемлекеттерді жұтуында деп атап көрсетті. Мюнхендік профессордың осы идеялары негізінде гитлерлік Германияның басшылығы көрші мемлекеттерге соғыс ашу мен «үшінші рейхті» құрудың «географиялық осін» әзірлеген болатын. Және де Хаусхофердің ойынша «құрлықтық немесе теңіздік держава жеке өзі әлемдік держава бола алмайды» және «оның құрылуы осы екі фактордың комбинациясына тәуелді» деп сипаттады. [4]

Қазіргі кезде геосаяси теориялардың маңызды аспектілерінің бірі геосаяси қауіпсіздік болып табылады. Геосаяси қауіпсіздік мемлекет немесе белгілі бір аймақ мүдделерінің қорғаныс жағдайы. Бұл ұғымдар өз шеңберінде ұлттық мәселелер ауқымын кеңейте түседі. Өйткені жеке бір мемлекеттің қауіпсіздігін сол аймақтың қауіпсіздігінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Аймақтағы қауіпсіздіктің, тұрақтылықтың негізі – геосаяси тепе-теңдікті қамтамасыз етуде болып табылады.

Мемлекеттің қауіпсіздігі туралы тарихи алғышарттарды зерттей отырып, адам, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігі жайлы айтқан ежелгі философтар мен саясаткерлердің, әскери стратегтердің қызғылықты пікірлерін кездестіруге болады. Ежелгі Қытай философы, қолбасшысы Сунь-Цзыдың «Әскери өнер туралы трактатында» қауіпсіздік мәселесін мемлекеттің әскери қуатымен емес, барлауды дұрыс қолдана алумен байланыстырады. [5]

Орта Азия мемлекеттерінің әлемдік қауымдастыққа кірген сәтінен бастап сыртқы субъектілермен қатынасы әлем саяси сахынасындағы ойыншылардың күштер тепе-теңдігінде өзгерістерге ұшырауымен дөп келді. Орта Азияның қауіпсіздік жүйесін қарастыруда аймақтың әлі де әлсіз функционалды байланысын ескеру қажет. Белгілі бір мүдделердің бір-бірімен уақытша сәйкес келуі аймақта ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Сондықтан аймақтағы саяси, экономикалық, әскери тұрақтылық сыртқы жағдайлардың аймаққа қатысты мүдделеріне және геосаяси стратегияларының жүзеге асырылу дәрежесіне тікелей байланысты болып отыр. Демек аймаққа қызығушылық танытып отырған сыртқы күштердің саяси ұстанымдарын анықтап, талдау қажеттілігі туындайды.

Орталық Азияның күрделі геосаяси жағдайы (Ресей, Қытай, мұсылман әлемі ортасында Ауғанстан, Иран және Кавказбен көршілігі тағы бар) аймақ елдерінің бүгінгі таңда сыртқы күштердің ықпалының қиылысында тұрғанын байқаймыз. Ауғанстан мен Ирактағы күрделі ахуал мен әскери операциялардың Орталық Азияға әсерін әлем жұртшылығында әлі де тұрақсыз аймақ деген түсініктердің қалыптасуы, сонымен қатар мемлекеттердің және аймақтың қауіпсіздігіне төнген көптеген қауіп-қатерлерге кешенді тосқауыл қою шараларын барынша күшейтуге негіз болуда.

Әлемде болып жатқан ғаламдық өзгерістер қауіпсіздік мәселесіне тек әскери жағынан ғана емес, экономикалық, геосаяси мүдделер қақтығысы жағынан да өзгеше қарауына себепші болды. Бүгіндері тіптен мемлекеттің сыртқы және ішкі қатерлерге төтеп беру мүмкіндіктері тікелей демократияның даму деңгейіне байланысты қарастырыла бастады.

Қазақстанның жаңа ғасыр талаптарына сай таңдап алған стратегиясы елдің ұзақ мерзімді басымдықтары мен ұлттың мемлекеттік мүдделеріне бағытталған. Осы бағыттар мен басымдықтарды нақты белгілей отырып, елдің даму қарқынына әсер ететін, олардан туындайтын қауіптер мен қатерлердің мазмұнын дер кезінде анықтаған абзал.

Қазақстан бүгінгі таңда өзінің мүдделерін нақты қорғауға және посткеңестік кеңістікте болып жатқан геосаяси тартыстарда, әсіресе Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің аймағы болып табылатын Орталық Азия мен Каспийде ұлттық мүддесіне сай саясат жүргізуіне мүмкіндік беретіндей даму үстінде деп есептейміз.

Ғаламдық және геосаяси тұрғыдан Қазақстан трансқұрлықтық экономикалық байланыстарда өз рөлін көрсетіп, Еуразия құрлығының кіндігі - тарихи миссиясына қайта орала алады және Азиялық Шығыс пен еуропалық Батыстың сәтті синтезі ретінде көріне алады. Бұған Қазақстанның этникалық алуан түрлілігі, ауқымды территориясы, көпсалалы экономикасы мен білімді халқы, көпвекторлы саясаты мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстанның Еуразия кеңістігіндегі түрлі интеграциялардың ұйытқысы болуымен бірге ЕҚЫҰ-на төрағалық етуін айтсақ та жеткілікті.

Сонымен қатар Қазақстан әлемдік аренада жаңа және қуатты ойыншы ретінде ұзақ мерзімге өзінің сыртқы саясатының тұжырымдамалық негізін дайындау барысында, өзімен шекараласатын әлемдік державалардың, бірінші кезекте Ресей Федерациясы мен Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Сол себептен геосаясат пен геосаяси теорияларды, ұғымдарды талдау міндет қана болып қалмай, оның елдің сыртқы саяси стратегиясының доктриналық негізіне арқау болуы қажет. Біздің мақсатымыз геосаясат пен геосаяси теориялардың мазмұндық сипатын толықтай түсіне отырып,

ұлттық мүддеге сай пайдалануды меңзеу болып табылады.

ӘДЕБИЕТ:

1. Нартов Н. А. Геополитика. - М., 2000. - 9-бет.
2. Бұл да сонда. - 47-бет.
3. Бұл да сонда. - 51-бет.
4. Андрианова Т. В. Геополитические теории XX в. - М., 1996. - 65-бет.
5. Саясат. - 2008. - №4. - 54-бет.

Резюме

В статье рассматриваются понятия геополитики и геополитических теорий в международном отношении, а также проблемы государственной безопасности в свете теорий. Вместе с тем об оценке геополитической проблемы и безопасности Центральной Азии и Казахстана.

Conclusion

The problems of State Security in the field of theory, the definition of geopolitics and geopolitical relations are considered in this article. As well as the appraisal of geopolitical problems and security of Central Asia and Kazakhstan.

КРЕДИТОСПОСОБНОСТЬ КЛИЕНТОВ БАНКА И ЕЕ ОЦЕНКА

Пономарев М.Н.

В современной переходной экономике Казахстана важную роль играют коммерческие банки, которые являются основными институтами кредитной системы. Развитие их деятельности – необходимое условие повышения эффективности функционирования рыночной системы, показатель ее зрелости.

Актуальность и практическая значимость обусловили выбор данной темы. Банки составляют неотъемлемую часть современного денежного хозяйства. Находясь в центре экономической жизни, банки опосредствуют связи между промышленностью и торговлей, сельским хозяйством и населением путем выдачи кредитов.

Кредит – предоставление денег или товаров в долг, как правило, с уплатой процентов: стоимостная экономическая категория, неотъемлемый элемент товарно-денежных отношений. Возникновение кредита связано непосредственно со сферой обмена, где владельцы товаров противостоят друг другу как собственники, готовые вступить в экономические отношения.

Банк традиционно предоставляет кредиты населению: краткосрочные и долгосрочные.

Место и роль кредитов в экономической системе общества определяются, прежде всего, выполняемыми им функциями, как общего, так и селективного характера:

1. Перераспределительная функция.
2. Экономия издержек обращения.
3. Ускорение концентрации капитала.
4. Обслуживание товарооборота.
5. Ускорение научно-технического прогресса.

Перераспределительная функция. В условиях рыночной экономики рынок ссудных капиталов выступает в качестве своеобразного насоса, откачивающего временно свободные финансовые ресурсы из одних сфер хозяйственной деятельности и направляющего их в другие, обеспечивающие,

в частности, более высокую прибыль. Ориентируясь на дифференцированный ее уровень в различных отраслях или регионах, кредит выступает в роли стихийного макрорегулятора экономики, обеспечивая удовлетворение потребностей динамично развивающихся объектов приложения капитала в дополнительных финансовых ресурсах. Однако в некоторых случаях практическая реализация указанной функции может способствовать углублению диспропорций в структуре рынка, что наиболее наглядно проявилось на стадии перехода к рыночной экономике, где перелив капиталов из сферы производства в сферу обращения принял угрожающий характер, в том числе с помощью кредитных организаций. Именно поэтому одна из важнейших задач государственного регулирования кредитной системы – рациональное определение экономических приоритетов и стимулирование привлечения кредитных ресурсов в те отрасли или регионы, ускоренное развитие которых объективно необходимо с позиции национальных интересов, а не исключительно текущей выгоды отдельных субъектов хозяйствования.

Целью является исследование кредитования населения коммерческим банком и методы оценки кредитоспособности заемщика.

Для достижения данной цели были поставлены следующие задачи:

- рассмотреть теоретические основы кредитования населения;
- изучить практику кредитования населения АО «Казкоммерцбанк»;
- предложить совершенствование и развитие кредитования населения коммерческим банком Казахстана.

Исследование осуществлялось на основе изучения нормативно-правовой базы, регулирующей кредитование населения Казахстана.